bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Ондық бөлшектер

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 31.01.2018 | https://bilimger.kz/27336/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

СҚО Айыртау ауданы Саумалкөл гимназия-мектебі №2

математика пәнінің мұғалімі Нурмухамбетова Гульнар Калеловна

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** | №85 | |
| **Мерзімі:** | | |
| **Сыныбы: 5** | | |
| **Қатысқандар саны:** | | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:** | Ондық бөлшектер | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:** | 5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру | |
| **Сабақтың мақсаты** | Тақырыпты өз бетімен меңгеріп, сапалық үлгерімді 63% пайызға жеткізу | |
| **Сабақтың түрі:** | Жаңа білім | |
| **Бағалау критерийлері:** | Барлығы: ондық бөлшектер ұғымын түсінеді;<br>Кейбіреулері: жай бөлшекті ондық бөлшек түрінде жазады;<br>Бірәзі: жай бөлшектердің бөлімі 2,4,25,50 болған жағдайда жай бөлшектерді ондық бөлшек түрінде жазады | |
| **Тілдік  мақсаттар:** | Ондық бөлшектер, бүтін, бөлшек бөлігі, ондық үлес, жүздік үлес, мыңдық үлес | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Бір-біріне көмектесуге, бір-бірін тыңдауға, сыйластыққа баулу | |
| **Бастапқы білім** | санның бөлігі, бөлігі бойынша санды табу | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар әдіс-тәсілдер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі 2мин | Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың бойындағы қобалжуды жою үшін «Біз-күштіміз сергіту өткізу». Оқушыларды ортаға шақырып, үш рет айтқызу: «Біз күштіміз! Біз-жақсымыз! Біз-білімдіміз!». | Сергіту «Біз-күштіміз» |
| Үй жұмысын тексеру 3мин | Үй тапсырмасын тексеру, қиындық туғызған есептерге нұсқау жасау | Дәптерлер |
| 3мин | *Сабаққа бағалау критерийлер жасау( оқушылармен бірге тақтада бағалау критерийлер жазылады):*<br>*1.Тәртіпті сақтау*<br>*2.Толық жауап беру*<br>*3.Мәтіндерді түсініп оқу*<br>*4.Бір-біріне көмектесу*<br>*5.Дәптерге жазу*<br>*Тақтада оқу мақсатын жазып қою:Ондық бөлшектерді меңгеру* | Бағалау критерийлер |
| Өткен материалды қайталау 2мин | 1.Қандай бөлшектерді білесіздер? (дұрыс, бұрыс, аралас сан)<br>2.Қандай бөлшектерді дұрыс деп атаймыз?<br>3.Қандай бөлшектерді бұрыс деп атаймыз?<br>4.Қандай бөлшектерді аралас сан деп атаймыз?<br>5.Өзара кері сандар деп қандай бөлшектерді атаймыз?<br>6.Бөлшектің элементтері қалай аталады? (алымы, бөлімі, сызық-бөлу амалы) | **«Миға шабуыл»** Сұрақ-жауап |

| | | |
|---|---|---|
| **Зейінді көшейту**<br>Жаңа білімді меңгеру<br>15 мин | I.Бүгін сабақта «Нені оқимыз?» (Ондық бөлшек)<br>Не үшін оқимыз? «Тиімді тәсілдерді үйреніп өрнектерді тез шығару»<br>Қалай оқимыз? (бағалау критерийлер бойынша)<br>Ондық бөлшек | Тірек-сызба<br><br>«Өрмекші» стратегиясы<br>Жұптық жұмыс |
| **Ақпарат**<br>Мәтін | Мұғалім: «Ондық бөлшектер» туралы қандай мәлемет білесіздер ме?<br>«Жоқ, білмейміз»,- дейді оқушылар.<br>Мұғалім: «Ондық бөлшек» терминді оқығанда қандай сұрақтар туындайды? Ассоциацияларды жазу.<br>(Мысалы: Бұл бөлшек жай бөлшекке ұқсай ма? Алымы, бөлімі бар ма? Не үшін қажет? Бұл қандай өрнек? т.с.с.<br>II. Сұрақтарға жауап беру үшін оқулықпен жұмыс жасаймыз. Оқушылар мәтінді оқиды, талдайды, түсінгенін бір-біріне айтады.<br>III. Енді қойған сұрақтарға өзіміз жауап береміз (дұрыс жауап берген оқушыға шапалақ соғу):<br>1.Ондық бөлшек дегеніміз не? (бөлімі 10,100,1000 болатын бөлшектер)<br>2.Бұл бөлшек жай бөлшекке ұқсай ма?(ұқсамайды) (бөлшектің бүтіні бар, бөлшек бөлігі бар, үтір)<br>3.Алымы, бөлімі бар ма?(жоқ)<br>**Қорытынды: Егер жай бөлшектердің бөлімдері 10,100,1000 болса, онда бөлшектерді ондық бөлшектер түрінде жазуға болады**. | Оқулықпен жұмыс<br><br>Бағалау «Шапалақ» әдісі<br><br>Сергіту «»Көз жаттығу» |
| **Тәжірибе**<br>Практикалық тапсырма<br>10мин | **Бөлшектің бөлімінде қанша нөл болса сонша цифр жазылады.**<br>Тапсырманы орындап болғасын оқушылар сергіту жасайды «Көз жаттығу»: Жабамыз, ашамыз, оңға, солға. (үш рет)<br>IV *Жай бөлшектерді ондық бөлшектер түрінде жазу:*<br>а)310=... 210 =... 5100=...<br>13100=... 81000 =...<br>ә)Ондық бөлшектерді жай бөлшек түрінде жазу:<br>0,7=... 0,04=... 0,012=... 0,0064=...<br>(оқушы егер тақырыпты меңгерсе үстелдің үстіне жасыл түсті парақты қояды, қиналып тұрса-сарыны қояды, мүлдем түсінбесе-қызылды қояды. Түсінбеген оқушыға тақырыпты жақсы меңгерген оқушы түсіндіреді)<br>V.Дұрыс сөйлеп үйрену: оқулықтан ондық бөлшектерді қалай оқу керек екенін оқиды.<br>VI.Ондық бөлшектердің разрядтары қалай аталады?<br>21,3456<br>21-бүтін<br>3: ондық үлес<br>4:жүздік<br>5:мындық<br>6.оң мындық | Дәптерге жазу «Бағдаршам» әдісі<br><br>«Көршімен сырласу» әдісі |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар тапсырмаларды орындайды<br>а)450м= 4501000 km<br>b)37кг= 371000 т<br>c)15кг= 15100 ц<br>д)21:100<br>е)14:10 | Қалыптас-тырушы бағалау |
| Сабақты бекіту<br>5мин<br>**Кері байланыс**<br>Талдау | Жай бөлшектер:алымы, бөлімі, сызық<br>Ондық бөлшектер:бүтін, үтір, бөлшек бөлігі<br>Жеке рефлексия: «Табыс сатысы» парағын толтырады.<br>Үйге тапсырма №600 (1-4)№601(1) (үй тапсырмасына бағыт бағдар беру). | Фишбоун әдісі<br>«Табысы сатысы» әдісі |

**Рефлексия**

| **Саралау** | Бағалау | **ТҚТ және денсаулық** |
|---|---|---|
| Бүгін сабақ табысты өту үшін саралау әдістерді қолдандым:<br>1.Жұптық жұмыс: өз-өзіне сенімсіз оқушылар анағұрлым өздеріне сенімді оқушылармен отырғызу;<br>2.Миға шабуыл<br>3.Жеке тапсырмалар<br>4.Ассоциация | Формативті бағалау<br>1.Өзін-өзі бағалау (+;-)<br>2. Бір-бірін бағалау «Шапалақ»<br>3.Қалыптастырушы бағалау (дескриптор)<br>5.Бағдаршам әдісі | Сабақты басында «Біз күштіміз!» сергіту жасадық.<br>Сабақтың ортасында «көз жаттығу: жабамыз, ашамыз, оңға солға» |

**Сабақ бойынша рефлексия**
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған.
Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді. (дескриптор арқылы неше ұпай алғанын есептедік)
Сабақта саралау дұрыс жүргізілді.
Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды.
Сабақ жоспарында ауытқулар болған жоқ.

**Жалпы баға**
**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**
1.Оқушылар өз бетімен тақырыпты меңгерді;
2.Оқушылардың сапалық үлгерімі 63% болды.
**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**
1.Жұптық жұмыс жақсы ұйымдастырылған;
2.Бағалау критерийлер қол жетімді, нақты болды**.**
**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістігі:** Сабақтың соңында үнсіз отыратын оқушы сұрақтарға дұрыс жауап берді;
**Қиындықтары туралы нені білдім:** Мәтінді оқығанда оқушылар көп уақыт алды.
**Келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет:** Мәтінді есептерді жылдам оқуға, қажетті мәлеметтерді сызып қоюға үйрету.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.